

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі жаһандандыру заманы тілдерді білуді талап етеді. Еуропада көптілділік қалыпты нормаға айналған, біз де осы қатардан міндетті түрде табылуға тиіспіз.

Қорыта айтқанда, «көптілділік» ұғымын «полимәдениеттіліктің» негізгі факторы ретінде қарастырып, полимәдениетті тұлға қалыптастырудың іргетасы болып табылатынын айқындау, «модернизациялану», «жаһандану» үдерістерін қабылдаудың бірден-бір құралы болып табылатын «көптілділіктің» ғылыми тұрғыда маңызын анықтау әлі де болса терең зерттеуді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Манкеева Ж.А. «Тілдік тұлға» мәселелерін зерттеу // Қазақ филологиясы: егіз негіз (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: Арыс, 2010. – Б. 280-290.
2. Халеева И.И. О гендерных подходах к теории обучения языкам и культурам. – М., 2000. – 250 с.
3. Хасанов Б. Мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасы және тілдік орта. – Астана, 2008. – 264 б.
4. Жетписбаева Б.А., Шункеева С.А. Современная языковая ситуация в условиях казахстанского полиязычия // Язык и литература в социокультурном пространстве: Международный сборник научных трудов. – Szombathely, Венгрия: SavariaUniversityPress, 2016. – С.12-17.
5. Сулейменова Э.Д., Смагулова Ж.С. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 344 с.
6. Шайбакова Д.Д. Функционирование русского языка в Казахстане: вчера, сегодня, завтра. – Алматы: КазУМО и МЯ им. Абылай хана, 2005. – 250с.

Хамзина Г.С., ф.ғ.к., доцент, Амангельдыева Ж., студент
М.Қозыбаев атындағы СҚУ, Петропавл қ.
gulzada_76@mail.ru

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ «ӨМІР-ӨЛІМ» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Түрлі ұлттардың өзіне тән санасы мен дүниетанымын жеткізетін көркемдеуіш тілдік бірліктер бар. Мәдениет дамыған сайын ұлттық сана дами түседі. Ұлттық сананың дамуына әсер ететін факторлар: мәдениет, ұлттық құндылықтар, технологиялық даму, дін т.б

Дүниенің тілдік құрылымын құрайтын ол тұлғаның дүниеге деген көзқарасы. Ал дүниеге деген көзқарас концептілер жүйесін құрайды. Концепт ақиқатты когнитивті тұрғыдан тануға, болмысты тілдік тұрғыдан тануға мүмкіндік береді. Дүниенің болмысы ол адамның өмірі. «Өмір-Өлім» адамзатқа ортақ концептілердің бірі. В.Н Телияның пайымдауынша: «Концепт – біздің сол нысан туралы білетініміздің барлық жиынтығы, соның мағынасының барлық экспрессиясы» [1, 97].

Адамдар күнделікті өмірде жан мен тән, өмір мен өлім сөздерін көптеп пайдаланады. Бірақ әркім оны әртүрлі түсінеді. Сөз мағынасын түсіну ол адамның өмір тәжірибесіне тіл құдыретін түсіну деңгейіне байланысты әртүрлі деңгейде болады.

«Өмір» 1. Материяның қозғалу, даму, өсу көріністерінің жалпы жиынтығы, тіршілік. 2. Адам мен жан – жануарлардың, өсімдіктердің физиологиялық тіршілік ету, өсу процессі. 3. Өсу, даму процесінің белгілі бір кезеңі, сатысы; тірі организмнің тіршілік ету мерзімі ғұмыры (Қ.т.т.с. 653-б.).

Жазушы шығармаларында «Өмір» концептісі негізгі бірлік ретінде алынады. Адамзат үшін өмір – ол негізгі құндылық, ал оған деген көзқарас әртүрлі оған себеп, ұлттық менталитет, ұлттық сана. «Өмір» концептісінің болмысын тану қиын. Өмірдегі сан қилы оқиғалар сынды өмір концептісінің тілдік көрінісі де әртүрлі болып келеді.

Автор теңеу, метафора, эпитеттер белгілі бір концептіні жасауда шебер қолданылған. Әсіресе метафизикалық концептілер жазушы повестерінде көптеп кездеседі. «Метафизикалық перцептивтік, сенсорлық қабылдау, яғни сезіну әрекеті арқылы рухани құндылықтарды тану нәтижесінде ғана хабарланады. Адам тәжірибесі арқылы ғана танып білуге болатын, құбылысты даму барысында ғана түсінуге болатын ұғымдарды көзбен көріп, қолмен ұстап тану мүмкін емес. Сондықтан философиялық мәні басым, адамның қажеттілігін өтейтін абстрактылы ұғымдарды нақты тұрақталған дефинициялармен танытуға болмайды. Оны адам қалай сезінеді, қалай басынан өткереді, сол әсері арқылы танытады» [2, 10].

Анасы жайлы ойлағанда *артта қалған өмірінің сонау бір түкпірінен осы бір шуақты сәттер алыстағы жұлдыздай сәуле шашса, одан кейінгі бір сәт сәуленің бәрін өшіріп, кеудесіне*

өксiк пен қасiрет құйып өтедi. «Менiң айтқанымның бәрiн iстеп не көгертерсiң, жазған бала-а. Мен саған не айтармын, қаршадай боп сен не тыңдырмақсың. Бесiктен белi шықпаған балаға азап сыйлардай бұл неңдi алып едi, **о, сұм өмiр!**». Басына қара күн туса да ебiл-дебiл еңiреп жылаумен ғана тынған, қайғырғанмен қабырғасы қайысып, ой толғауға өресi жетпей өскен Тұңғыш дәл осы сәт **өз өмiрiнiң қор өмiр екенiн, тiптi, ес бiлiп, етек жапқалы диуанашылықпен ыстықаумет тауып келе жатқан мына диуана кемпiрдiң өзiнен әлдеқайда бақытты екенiн алғаш рет ой жiберiп, бордай үгiтiлдi** (Д.И.). Осы мысалдарда «өмiр» концептiсi адам санасындағы қозғалыс, көңiл-күй, күйзелу, ренжу, iшкi-сезiм арқылы танылады.

Ал «Өкпек жолаушы» повесiнде «өмiр» концептiсiн «сағымдай өтiп жатқан дүниеге» теңеуi арқылы, өмiрдi – өткiншiлiк, тұрақсыздық, мұңарту, бұлдырау күйiмен бейнелеген. *О-oh шiркiн, сағымдай өтiп жатқан дүние-ай десейшi* (Д.И.).

«Өмiр» концептiсi арқылы дүниенiң тiлдiк бiрлiгiн, көркем бейнесiн «жалған», «дүние», «тiршiлiк», «дәурен», «тiрлiк» секiлдi философиялық аспектiлер тұрғысынан талдауға болады. **Бұ жалғанда жұмыр басты пенде үшiн өлiмнiң хақ екенiн, одан нелер дүлдiл нелер бұлбұлдың да құтыла алмайтынын еске алысты. Е-ей, жалған-ай, ол бiр өкiнiшi жоқ қадам болып, өз қызығы өзiмен өткен дәурен екен-ау. Ой, дүние-ай, десейшi, сол сапар Алтыбай ауылынан оралған Абзалдың жан-дүниесiндегi өзгерiс әлi есiмде. Ой, дүние-ай десейшi. Өлдiң-өштiң деген сол әне... Одан Сахи салдың тiрлiгi қошқардың иiнi түседi деп соңынан ерген бөрiнiң тiрлiгiмен ағайын десейшi...**

Басымды тау-тасқа соғып, ат үстiнде күн кешiп, елден ерек тiрлiк құрғанда iздегенiм өзiң екенсiң. Уа, десеңшi өткен жұмыр өрмекишiнiң торындай шатылып, елес берген соң бiрдi айтып, бiрге кетiп жатырмын ау. Шеккен жұмыр, көрген тiрлiгiмiзде ауыр бейнеттен басқа түгiмiздiң жоқ екенi де рас. Тiршiлiгiнде тартқан азабы аздай-ақ, туған жердiң бiр уыс топырағын томпайтқанын көпсiндiңдер ме ендi».

Бұ тiршiлiктiң темiр қамыты қашанғы бұлғақтатар дейсiң,- деген. **Тағдырдың жазуының** қайсысына кез келсем де, Ақбiлекке қосыла алмаудан ауыр болар деймiсiң?! Бәрiбiр **тыныш өмiр** болмас (А.С.).

Жазушы шығармаларында *ит өмiр, тұщы дүние* эпитеттерi көрiнiс тапқан: Сонда жиенiнiң тiлеуiн тiлеп, ала көңiл болып отыр, қуаныш пен қайғыға кезек бой алдырып отыратын Санжар қария: «Талабыңа нұр жаусын, шырағым... Маған тiрелген iс болса, қылиа мойным үзiлгенше көтеремiн. Бұл **ит өмiрдiң** сенен аяғанда көретiн қай бiр қызығы қалды гой дейсiң?!» - деп иегi дiрiлдеп көзi қызарушы едi... ой, **жалған-ай** десейшi... Осы жерде, бұл **тұщы дүниенi** қойсаңшы, әлгi күмiстеп тастаған ат әбзелi ай сәулесiмен жарқ-жұрқ етiп, көздiң жауын алады гой. Мұнысы **тұщы дүниенiң** дәмiн талмап құныққандығы да емес, құлық-сұмдықты шиырлап iндету де емес (А.С.).

Өмiрге надумен қатар оның әр секундына қуану, әр секундты бағалау қазақ жазушыларының шығармаларында кездеседi. Мысалы О.Бөкейдiң «Қайдасың, қасқа құлыным» шығармасында «Өмiр» концептiсiн жанның қиналысы, күйзелiсi ғана байқалады. Мысалы: Сарқынды жан айқайын жасыра алмай, ағыл-тегiл жылап тұр екен. Қызығы мол қызулы өмiрiнiң сiрнеленiп, жүрегiнiң басына берiш боп байланып қалғаны, берiш болып байланып қалса да, оқты-оқты локсытып, запыранша атылары немесе алапат бiр долылық қысқанда, айқай дәуренiнен қалып қойған намыс шоқтарының қызуына шыдай алмай шыңғырған өр кеуде жанның айғайы шығар – Сарқынды шал өз өзiнен күркiреп, қатты қазымырланып, кектенетiнi бар екен.

«Тiршiлiк» «өмiр» концептiсiнiң баламасы ретiнде жиi қолданылады. Қолданыстағы «тiршiлiк қамы», «тiршiлiк қылу», «тiршiлiк ету» секiлдi тiркестерi тура емес ауыспалы мағынада «өмiр сүру» деген күрделi мағыналық тұтастықты бiлдiредi. Онда көңiлiмiзде көлеңке жоқ, жылдағы әдетпен **тiршiлiк қамы үшiн** артынып-тартынып, Қоянды жәрмеңкесiне баратын мезгiл келдi. «Жаттың дәулетiнен жанын қиғанын қойсын, – дептi Тұңқатар, – **тiршiлiктiң қандай зұлматына** тап болсаң да, өз **тағдырыңның тiзгiнiн** өзiң ұстағаннан артығы жоқ. Сiрә, тағдардың тартқан жолының үстiнде ұстаған тiзгiнiнiң бiр болған соң да солай болса керек қой (А.С.).

А. Сейдiмбектiң шығармасында «өмiр» концептiсiн «сағымдай өтiп жатқан дүниеге» теңеуi арқылы, өмiрдi – мәңгi емес, өткiншiлiк, тұрақсыздық күйiмен бейнелейдi. *О-oh шiркiн, сағымдай өтiп жатқан дүние-ай десейшi, Сенжекеңдер жөнiмен қартайған қадiрлi қария едi гой* («Қыз ұзатқан»).

Өмiр концептiсiне қарама-қарсы концепт ол «**өлiм**» концептiсi. «Қазақ тiлiнiң түсiндiрме сөздiгiнде» өлiмге мынадай анықтама берiлген: 1.Тiршiлiктiң бiтуi, ажал, қаза. Қазақ халқының дүниетанымында, тiлiнде өлiм құбылысын тiкелей атамай, оны эвфемизмдермен алмастырады. Бұлай

жасау себебі – өлім деген ауыр құбылысты жұмсартып, адамның қабылдауына оңай болу үшін. Марқұм: «Түнқатым, жаным, артымда қалар тұяғым!..» – деп жатып **көз жұмған** соң, бір жұма өтті ме өтпеді ме, сол Түнқатар әкесінің ақ таяғына сүйеніп қозы соңынан кетті ғой. Тіл тартып, тұяқ серпуге шамасы келмейді, сол жерде **жан тәсілім** береді. Мұндай алыпқашпа сөздің қырық құбылатын қашанғы әдеті, біреулер: «Ойбай, бағаналының батыры Наймантайдың қолынан **мерт болыпты...**» десе, екіншісі: «Жоға тәйірі, бірме-бірге Аламанның алдыра қоюы қисынға келмейді, онан да ұрлықы мал десейші» деп, үшінші біреулер мұның түбі жақсылық болмайтынын, екі елдің арасы бүлінетінін айтып уайым төкті. Үлкендер айтып отыратын: «Қажекең **дүниеден қайтқан** соң, көк мойынның құт берекесі Боздақ байға ауды» деп. Абзал сегіз-тоғызға келгенде араларына жыл салып, **дүниеден қайтыпты**. Боздақ бай Жамалдан басқа екі әйел алған адам. Оның бірі біздің жас кезімізде **баладан қайтты** дейді (А.С.).

Өлімнің адамның қабырғасын қайыстырып, мең-зең күйге түсіретіндіктен өлім жайлы хабарды адамның сағын сындырмай жеткізуде мынадай тілдік бірліктер пайдаланылады: *Жай танып-біліп қана қоймай, ер-тұрман әбзелімен, сауыт-сайманымен келген иесіз аттан тіксініп, сан саққа жүгірген суық сөз ел үшін кеулеп кеткен* (А.С.).

«Өлім» концептісін білдіруде қара түс қолданылған. «Қара» лексикалық бірлігі өмірдің соңғы шегін, өлімді, қайғы-қасіретті білдіреді. Қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша, өлімге қатысты ұғымдар «қара» тілдік бірлігі арқылы объективтенеді.

- *Әне, ол жалғыз өзі мен білмейтін, бірақ, әйтеуір, түбі бармай қалмайтын қара түнек сапарға аттанды...*(Д.И.) Осы мысалда «өлім» концептісі қара түнек эпитетімен беріліп, өзіндік прагматикалық семантикаға ие болған. Мұнда қара атауы жер асты, суық, қараңғы көр деген халық танымындағы ассоциациялық байланыс негізінде дамыған мағынасы. Қазаны білдіруде ұлттық ерекшелік этнотанымдық символдан, түр-түс символынан көрінген. Ал қазақ халқының тілдік қолданысында қара түс өлімді де суреттейді.

Өмір бойы көргенінің қиындық екенін, он бір құрсақ көтеріп, оның қара жерге тапсырғанын, әсіресе арыстай-арыстай үш ұлын қуарған қу соғыстың жалмағанын айта келіп, «тар құрсағымды кеңіткен, тас емшегімді жібіткен сол құлынишақтарым аман болса, осы халге түсер ме едім-ай» дегенде, Торғынның да сай-сүйегі сырқырап, ықылық ата көзіне жас алды – Бізді қара жер ғана айырар,- деді Наймантай Аққызды құшағына қысып тұрып,- белгің беріліп хабарың жеткен күні жаныңда болармын (А.С.). Халқымыздың дүниетанымында қара жер суықты, көрді білдіріп өлімді сипаттайды. Сонымен қатар, үлкен жасқа келіп, өмірмен қош айтысқан кездегі өлімді тойға балап, оны қараның антонимі ақ түспен сипаттаған. Мысалы: *Түнекеңнің дүние салуын «ақ сапар, армансыз сапар» десті. Біреулер бұл қазаны тойға теңеп, «Түнекеңнің жасына жетсек, арман бар ма» деп тәбәріктік жыртыс дәмепін жатты* (А.С.).

Автор шығармаларында «өлім» концептісін «жансыз дене» эпитеті арқылы көрсетеді. *Абзалдың жансыз денесін құшқан Ақбілек пен Санжар ботадай боздап, қасірет-қайғыға белшесінен батып Күмісбұлақтың басында қала берді...* (А.С.).

Көптеген жазушылар өз шығармаларында «өмір-өлім» контраст концептілерін қолданады. «Контраст концептілер – бірінсіз бірі болмайтын, бірін екіншісі толықтырып отыратын немесе бірінен кейін бірі жүретін, тіпті бір біріне қарама-қарсы тұратын ақиқат дүниелердің жұптасып қана танылуы» [2, 3].

Олар тірліктің мәні, өліктің жолына қатысты алуан түрлі әңгіме өрбітіп, соның қай-қайсысын да Түнқатар марқұмның тіршілігіндегі қылық, қасиеттеріне әкеліп тіреп отыр. Бұл, әсіресе, Санжекеңе жақсы болды. «Өлгенім тіріліп, өшкенім жанды емес пе!» деп отыратын жарықтық. «Өліге деген құрмет тірілер үшін емес пе, жақсы болсын, жаман болсын, жарық дүние сыйлаған ата-анам ғой, басын қарайтсам ба деймін. Мүрделерінің жер жұртқандай болып жоғалып бара жатқаны қабырғама бір батса, сырт көздің сыны екі батады. Қайдан білсін, мені тап бір қоралап тауып, қосақтап айдап жүргендей көретіндер бар емес пе? Осыған қол ұшыын бермесеңіз болатын емес», - деп мә-жайын айтады (А.С.).

Жұмыр жер аппақ қар: суық әлем, сол суық әлемнің бір пұшпағында өлім мен өмірдің қақпалына айналып, шыбын жаны шырқыраған жиырмадан жаңа асқан үш бойдақ; қолында қаруы, алдында атысар жауы жоқ, өз-өзінен жынданған, өз-өзімен майдандасқан мақтаулы бейбіт күннің үш содаты... үш қояншық, үш есалаң – үш батыр...

Алыса-алыса әбден дымы құрып, амалы таусылғандай үш жігіт енді өлмес күннің қамын ойлаған. Ішкері жақтың түкірік қатып түсер сақылдаған саря аязы буып, аппақ дүниенің... жалмауыз түні иектей бастады. От жағып жылынайын десе, жуық маңайда тіс шұқыр ағаш жоқ,

өңкей бір жұп-жұмыр тақыр тауларға қарап тұрып қарның ашып, қасқырша ұлығың немесе ботадай боздап жылағың келеді. Әлемнің осыншалық қатыгез, жанға жат, тәнге салқын сезілуі – жиырмадан жаңа ғана асқан үш бойдақты ал дегенде жасытып тастады. Абырой болғанда кеңес өкіметі орнап, жанымыз қалды ғой. Ақ патшаның атына арыз жазып, Алтайдағы әкемнің ең құйқалы жерін кесіп-кесіп алды да, ауласынан аттаған малымыз бен жанымызды бытырлатып атты-ай дейсің, әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ (О.Б.). Бұл мысалдарда О.Бөкей жан мен тән аясында ой қозғап отырып, өлім мен өмірдің концептісін осы екі ұғыммен байланыстыра берген.

О.Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным» повесіндегі «Өлім» концептісін алатын болсақ, автор бұл ұғымды көбіне шығармадағы кейіпкер тұлғасын бейнелі түрде ашу мақсатында көп қолданған. Тілдік қолданыста «Өлім» концептісіне қатысты тілдік деректер аз болғандықтан Оралхан Бөкей өзінің шығармасында адамның рухани бейнесін сомдау үшін «жан» конгнетивті моделіне көбірек мән береді. Және де ол «Жан – адам, кісі, тірі пенде», – деген теориялық ұғымға жиі сүйеніп отырған. Мысалы: *Ғұмырында аузы аққа жарып көрмеген біздің үй мен Таңатардың туған жер, өскен елін тастап тұра қашатынындай басына не күн туды; мен ойлаймын: мейлі, құмырсқа теріп жеп жүр, мейлі бір көзіңнен қан, бір көзіңнен жас ағып, теперіш көр, мейлі сулы жерде асып, сусыз жерде қуырып жесін – ата қазған жерошақты басқа жұрттың мәңгі сөнбес отына айырбастама, өйткені өзекті жанға қайда барса бір өлім, тойған да – бір, татқан да – бір, қара жердің қойнына кірген соң.* Бұл мысалдағы негізгі түйін – «өлім» сөзі, яғни, «өзекті жанға бір өлім» деген фразеологиялық тіркесті қолдана отырып, шығарма кейіпкері Таңатардың бір сәттегі бейнесін суреттейді. Тікелей Таңатарға қаратылып айтылған сөз тіркесі болмаса да, автор осы тіркестегі «өлім» сөзі арқылы оның қандай мағынада қолданылып отырғандығын нақтылай түседі.

Ең ғажабы – сол, өз өнерін тірі жанға үйретпей өзімен бірге арғы дүниеге алып барады. Менің шешем әкемді о дүниеде де бар болмысымен жақсы көріп өтетін секілді. Мынау қара тастың түбінде қанға бөгіп, мыж-мыж болып жатқан жерінде үстінен түстік. Бейшара, жан бермек оңай ма, қарсыласымен көп алысқанға ұқсайды. Жарақаттанбаған мүшесі, жыртылмаған киімі жоқ, дал-дұл. «Жан бермек оңай ма» – өлімнің иісін сездіріп тұрған тілдік қолданыс.

Ең бақытты өлім – ақылдан алжаспай өлу ғой, балам. Ақылың бұрын өлсе – кірпігің қимылдап жатқаннан не пайда (О.Б.). Бұл мысалда өлейін деп жатқан шалды сипаттау, екінші жағынан философиялық толғаныс байқалады. Аппақ боп сұлаған аруақ көргендей сезіндім. Маған шал әлдеқашан өлген, тек рухы ғана жарық дүниені қимай, қиналып жатқандай еді (О.Б.). «Аруақ» пен «рух» сөзіне көңіл аударатын болсақ, тәннен айырылған жанның аруаққа айналуын білетін автор осы арқылы құп-қу, боп-боз болып өлгелі жатқан жанның дүниені қимайтын қиналысын бейнелеген көрініс.

Бірақ өлімнің аты өлім ғой, қазаға жиналған қалың қауымның қазіргі тұнжыр кейіпінде белгісіз бір құдіретке бас иген дәрменсіздіктің табы бар еді. Тұнқатар марқұмды өлім төсегінен көтеріп оң жаққа шығарарда жастығының астынан қос шақша шыққаны сөз болды (А.С.).

Күні кеше ғана Дәулетбайдың келіні боп ырғала басып жүр еді, бүгін кеп жазықсыздан-жазықсыз бір төмпеішке айналып қала берді. Енді қайтып бұл жалғанды көре алмайды. Өмірге не үшін келді, не деп келді?

Мәнсіз, мағынасыз тіршілік. Бүгін бар, ертең жоқ .

Өлімге иман, тіріге мал керек. Өлі мен тірінің арасында бес кетпен ғана топырақ. Сол топырақ көзге құйылмай тұрғанда өлім дегенге ешкім сенбейді. Бұ дүнеуден кәрі де кетіп жатыр, жас та кетіп жатыр, бүгінгі тірінің ертең марқұм боп, аласұрған әрекетінің бәрі әдіре қалғанын жұрт көріп жүр, біліп жүр, сонда да барға қанағат тұтып, атақ пен байлыққа жалған намысқа көзі тойған емес (Д.И.).

Бір тіршілік үзіліп, бір тіршілік жалғасыпты, бір өмірдің жолында бір өмір құрбан бопты. Мына қараңғылықтың ар жағында не бар, ертеңгі таңы қалай аппақ, тураған еттей боп зу ете шығатын қып-қысқа өмірдің енді былайғысында жаны шықпаған кеудесін тағы қайда сүйретеді, алда не күтіп тұр? Ол мұның бір де біріне көз жіберіп ой тоқтатпады, тоқтауға шамасы да болған жоқ, тіпті өзінің қайда кетіп бара жатқанын да білмеді (Д.И.).

Осы мысалдардағы трагедиялық жағдай, әділетсіз өмірдің объективті бейнесі. Жазушылардың көрсетпек болғаны – адамның мына өмірдегі кері кету процесі. Автор өмірдің трагедиялық суретін жасай отырып, сол өмірге жеке адамның панасыздығы мен қорғансыздығын, жалғыздығын, тағдырының мәнсіз, мағынасыз екендігін меңзейді. «Өмір-Өлім» концептісі халық дүниетанымында лингвофилософиялық мәнділігі жоғары бірлік болып саналады. Өмір, өлім – адамзаттың алғашқы таным түсініктерінен, бастап осы күнге дейін адам санасынан кептеген философиялық құбылыс.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Телия В.Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М., 1995. – 97 с.
2. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2006. – 26 б.

Куньбаева Tatyana Madikovna
SCAE №5, expert teacher, English Teacher
alinaaksunkar@mail.ru

LINGUISTIC PERSONALITY AND PROBLEMS OF MODERN PHILOLOGY

A linguistic personality is a specific person with his consciousness, free will, complex inner life and individual attitude toward social surroundings including humans. It allows not only spending the time on the earth but constantly engaging in different dialogues, being an active participant of communication. At present, interest in the study of the language of an individual has grown significantly. The researchers focused on a man with his linguistic, mental, behavioral features, their own picture of the world, including the individual and national. Linguistic personality (hereinafter -

YL), or a person existing in the process communication and reflecting in speech behavior both its linguistic experience and the general experience of all mankind, became an object research in various fields, therefore we can talk about anthropocentricity modern science. In modern linguistics YL problem is increasingly considered in related sciences as an object of interdisciplinary research and in the aspect of the formation of a national language, in which the subjective is transformed into the objective. “The linguistic personality is that cross-cutting idea, which, as the experience of its analysis shows and description, permeates all aspects of language learning and at the same time destroys the boundaries between disciplines studying

language, since you cannot study a person outside his language”[5, p. 3].

The ratio of the individual to the general, collective in a linguistic personality is one of the objects of research in modern linguistics. The opposition of the individual and the universal linguists propose considered as a dialectical unity: “With the help of language, a person expresses his inner world, making it interpersonal phenomenon. Language is an important medium familiarizing the individual with social experience”[3, p. 51]. This is one of the reasons why the problem of linguistic personality is one

from the urgent problems of modern anthropocentric linguistics.

Any text (oral or written form) created by man and for man, “There is a linguistic personality behind any text, owning the language system”[5, p. 2]. That's why appeal to YL is necessary to understand text (and hence the language system, especially dialectal) and to study YL itself, her picture of the world, which is reflected in speech, in that, how by means of the language system a person creates a text, expresses intentions, emotive attitude to the moment reality.

YL definitions were implicitly indicated even in the works of W. Humboldt, K. Vossler, MM. Bakhtin. Three authors can be distinguished, who were actively developing YL problems. This is primarily V.V. Vinogradov, who introduced the term YL into scientific use; G.I. Bogin, who developed the YL model in a linguodidactic aspect and who understood YL from the point of view "His readiness to perform speech acts, create and receive works of speech"; and also Yu.N. Karaulov, who suggested his YL model, taking into account the philosophical and

psychological aspects of YL, and also highlighted the YL levels in terms of semantics and pragmatics in the language.

Current orientation at YaL served as the basis for registration a new direction in linguistics - linguistic personology. Within this directions are being studied collective YL or idiolect YL, are being undertaken attempts to create a portrait of a separate YL. E. Benveniste believed that language is enclosed in to the very nature of man: “In the world there is only a person with a tongue speaking to another human, and